

"Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамын несиелендірудің кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 27 желтоқсан N 1720

Мал шаруашылығы саласын қолдау мақсатында және "Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының несиелер беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі N 1440 P001440_ қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Қазақстан Республикасы жергілікті атқарушы органдарының несиелер беру ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 10 212 88 00 "Мал шаруашылығы өнімін сатып алуды ұйымдастыру" бағдарламасы бойынша көзделген 100000000 (жүз миллион) теңге сомасында кейіннен 2001 жылға арналған республикалық бюджеттің ақшасы есебінен "Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамын мал шаруашылығы өнімін сатып алуға несиелендіру үшін "ҚазАгроҚаржы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Заемшы) орта мерзімді несиелер берілсін.

2. Несиелер Заемшыға қарыз алудың орташа өлшенген ставкасы бойынша 2003 жылға дейін бөлінеді.

Республикалық бюджетке несиелерді қайтаруды қамтамасыз ету Заемшы мен "Мал өнімдері корпорациясы" жабық акционерлік қоғамы арасындағы несиелік шарт бойынша борыштық талап ету құқығының кепіл шарты және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кез келген басқа да қамтамасыз ету болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан Заемшымен республикалық бюджеттен несиелер бөлуді қамтамасыз ету тәртібін, Заемшының республикалық бюджетке несиелерді қайтаруын қамтамасыз етуін, тәртібі мен мерзімдерін регламенттейтін тиісті несиелік келісім жасассын.

4. Несиелерді игерілуін бақылауды Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүзеге асырады.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары К.Қ. Мәсімовке жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК